

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі отырысының
2024 жылғы «27» желтоқсандағы № 14 хаттамасына
№ 1 қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің
2019 жылғы 18 қаңтардағы № 1 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық
қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу қағидаларына өзгерістер мен
толықтырулар**

1. 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңына, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңына (бұдан әрі – БҚР туралы Заң), «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V Заңына, «Ақпарат иеленушілердің ашықтық стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 606-НҚ бұйрығына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің 2024 жылғы 12 қарашадағы № 4 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Жарғысына және басқа да ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес әзірленді.»;

2. 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) Жалғыз акционер – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

2) мүдделі тұлғалар – заңнама нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) орай немесе жанама түрде (тікелей емес) Қордың қызметіне, олардың өнімдеріне немесе қызметтеріне және осыған байланысты іс-әрекеттерге ықпал ететін немесе ықпал ете алатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар топтары; мүдделі тараптардың негізгі өкілдері акционерлер, жұмыскерлер, клиенттер, жеткізушілер, мемлекеттік органдар, облигацияларды ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, Қордың қызметі жүзеге асырылатын өңірлердің халқы болып табылады;

3) ақпаратты ашу – осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан барлық мүдделі тұлғаларға ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) жария көздер – мерзімді баспасөз басылымдары, радио- және телевизиялық хабарлар, интернет-ресурстарды қоса алғанда, интернет желісіндегі жалпыға қолжетімді веб-сайттар;

5) корпоративтік оқиғалар – Қордың қызметіне елеулі әсер ететін, Қордың Жалғыз акционері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын, БҚР туралы Заңның 102-бабында айқындалған оқиғалар;

6) бұқаралық ақпарат құралдары – мерзімді баспасөз басылымы, радио және телебағдарлама, кинодокументалистика, аудиовизуалды жазба және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың өзге де нысаны;

7) ақпарат беру – бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің ауызша және/немесе жазбаша (оның ішінде электрондық) өтініштеріне ауызша және/немесе жазбаша жауаптар беру.

4. Қордың ақпаратты ашуы ашықтық, жүйелілік және жеделдік, сондай-ақ ашылатын деректердің қолжетімділігі, шынайылығы, толықтығы және салыстырмалылығы қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты тарату арналары оны ашқан кезде қажетті ақпаратқа тең, уақтылы және шамадан тыс шығындармен байланысты емес қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Ақпаратқа қолжетімділік өтеусіз негізде беріледі және онымен танысу үшін арнайы рәсімдерді (парольдерді алу, тіркеу немесе өзге де техникалық шектеулер) орындауды талап етпейді.

5. Ақпараттың ашықтығы қағидаты Қордың қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимінің сақталуын ескере отырып, өз қызметі туралы ақпараттың барынша ашықтығын қамтамасыз ету ниетін білдіреді.

6. Ақпараттың жүйелілігі мен жеделдігі қағидаты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты беру мерзімдері мен жүйелілігін сақтауға қатысты Қордың жауапкершілігін білдіреді. Қор Жалғыз акционерге, инвесторларға және барлық Мүдделі тұлғаларға Қордың қызметін тұтастай және іске асырылып жатқан өндірістік, инвестициялық, әлеуметтік және басқа да жобаларды түсінудің қажетті шарты ретінде ұдайы ұсынудың маңыздылығын түсінеді. Ақпарат оқиғаның басталу фактісіне сәйкес оның маңыздылық дәрежесі бойынша және оның жария ашылуының уақтылығы ескеріле отырып беріледі.

7. Ақпараттың қолжетімділігі қағидаты Қордың ақпаратты таратудың Мүдделі тұлғалар үшін еркін, ауыртпалықсыз және аз шығынды болып табылатын арналарын таңдауын білдіреді.

8. Ашылатын деректердің дұрыстығы, толықтығы және салыстырмалылығы қағидаты Қордың Жалғыз акционерге және басқа да Мүдделі тұлғаларға шындыққа сәйкес келетін және ашылатын фактіні немесе оқиғаны толық көлемде түсіну үшін жеткілікті ақпарат берудегі жауапкершілігін білдіреді. Қор ұсынылған ақпаратты үшінші тұлғалардың бұрмаламауын қадағалайды және мұндай факт анықталған жағдайда бұрмаланулар мен қателіктерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды. Егер мұндай ақпарат құпия болып табылмаса және Мүдделі тұлғалардың инвестициялық және басқа да шешімдер қабылдауына әсер етуі мүмкін болса, Қор өзі туралы жағымсыз ақпаратты ашудан тартынбайды. Міндетті түрде ашылатын ақпараттан басқа, Қор ерікті негізде, сондай-ақ Жалғыз акционердің талабы бойынша өзінің ағымдағы және жоспарланатын өндірістік және басқа қызметі, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы салыстырмалы ақпаратты, сондай-ақ барлық Мүдделі тұлғалардың Қор қызметін неғұрлым толық түсінуі мақсатында басқа да ақпаратты ұсынады.»;

3. 10-тармақтың 5) тармақшасындағы «Қоғам» деген сөз «Қор» деген сөзбен ауыстырылсын;

4. 11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, әрекеттері Қорға қолданылатын Жалғыз акционердің ішкі құжаттарына, Қордың Жарғысына және (немесе) ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес міндетті және қатаң белгіленген тәртіппен ашылуға жататын ақпарат;»;

5. 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қордың Интернет-ресурсында мынадай ақпарат болуы тиіс:

1) миссия, негізгі міндеттер, мақсаттар мен қызмет түрлері, тарих, байланыс деректері, меншікті капитал мөлшері, активтер мөлшері, таза табыс, қызметкерлер саны, бос жұмыс орындары (ақпарат алу үшін біліктілік талаптары мен телефон нөмірі бар), ұйымдық

құрылымы, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі (жеке қабылдауды ұйымдастыру, сондай-ақ өтініштер мен сұратуларды қарау жөніндегі уәкілетті тұлғалардың байланыс деректерімен) туралы ақпаратты қоса алғанда, Қор туралы жалпы ақпарат;

2) даму жоспары (стратегиялық мақсаттар), қызмет түрлері және басым бағыттары туралы;

3) Қордың Жарғысы және Қор органдарының, комитеттерінің, корпоративтік хатшысының, ішкі аудит қызметінің және комплаенс-бақылаушысының қызметін реттейтін ішкі регламенттеуші құжаттары;

4) этикалық қағидаттар туралы;

5) тәуекелдерді басқару туралы;

6) келесі мәліметтерді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелері туралы: фотосуреті (Директорлар кеңесі мүшесінің келісімі бойынша), тегі, аты, әкесінің аты (**бар болса**), туған күні, азаматтығы, Директорлар кеңесі мүшесінің мәртебесі (тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің өкілі), Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын көрсету, оның ішінде Директорлар кеңесі комитеттеріне мүшелік немесе Директорлар кеңесі төрағасының функцияларын орындау функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта атқарып жүрген басқа да лауазымдар, кәсіби біліктілігі, Директорлар кеңесіне бірінші сайланған күні және қазіргі Директорлар кеңесіне сайланған күні, тәуелсіз директорлардың өлшемшарттары;

7) келесі мәліметтерді қоса алғанда, Басқарма мүшелері туралы: фотосуреті, тегі, аты, әкесінің аты (**бар болса**), туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары;

8) қаржылық есептілік туралы (аудиттелген);

9) жылдық есептер туралы;

10) сыртқы аудитор туралы;

11) сатып алу қағидаларын, хабарландыруларын және нәтижелерін қоса алғанда, сатып алу қызметі туралы;

12) келесі мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капиталдың құрылымы туралы: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы, оларға тиесілі жай акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен үлесі, меншік құқықтарына иелік ету тәртібі;

13) активтердің құрылымы туралы (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және құпия ақпараттың таралуы, айналысы шектелген ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін реттейтін Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарын және дербес деректерді қорғауды ескере отырып);

14) корпоративтік оқиғалардың жылдық күнтізбесі туралы;

15) мәміле тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы) туралы мәліметтерді қоса алғанда, мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган (егер акционерлік қоғамның ірі мәмілені және (немесе) оны жасасуға мүдделілігі бар мәмілені жасасуы туралы шешім/шарт мыналарды құрайтын ақпаратты қамтитын мәміле жасасуға мүдделілігі бар мәмілелер туралы банк құпиясы, сақтандыру құпиясы, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпия және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпия, мәмілелер туралы ақпаратты орналастыру кезінде тек мәміле жасасу туралы

шешім қабылданған күн/мәміле жасалған күн, сондай-ақ Қордың шешімі бойынша өзге де ақпарат жарияланады);

16) мәміле тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы) туралы мәліметтерді қоса алғанда, ірі мәмілелер туралы, мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы (егер ірі мәмілені акционерлік қоғамның жасасуы туралы шешім/шартта банк құпиясын, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және өзге де құпияны құрайтын ақпарат қамтылса, Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мәмілелер туралы ақпаратты орналастыру кезінде мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күн/мәміле жасалған күн ғана, сондай-ақ Қордың шешімі бойынша өзге де ақпарат жарияланады);

17) орнықты даму саласындағы қызмет туралы;

18) бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы;

19) Қордың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер туралы;

20) жаңалықтар, алдағы оқиғалардың күнтізбелері (медиа-жоспар) және баспасөз мәлімдемелері туралы (бар болса, келіп түскен сұратуларды жинақтау және талдау нәтижелері бойынша пайдаланушылар бірнеше рет сұратқан ақпаратты қоса алғанда);

21) «Сұрақ-жауап» сервисі туралы;

22) мемлекеттік саясаттың мақсаттарына жататын шығыстар туралы;

23) бастапқы бетте кез келген қызметкердің және/немесе лауазымды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың ішкі рәсімдерін, Корпоративтік әдеп кодексін бұзу фактілері туралы Директорлар кеңесін (Аудиторлық комитетті) және ішкі аудит қызметін ақпараттандырудың қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі, жедел желісі туралы;

24) орналастыру міндеті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де ақпарат немесе квазимемлекеттік сектор субъектісі орналастыруды қажет деп санайтын ақпарат.»;

14. Қордың корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат БҚР туралы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашылады.»;

6. 18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Құпиялы ақпаратты мынадай құжаттар мен мәліметтер құрайды:

1) мұндай шешімдерде жалпыға қолжетімді ақпарат болатын жағдайларды қоспағанда, Қордың уәкілетті органдарының (Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің, Басқарманың, олар құрылған жағдайда өзге де органдардың) шешімдері;

2) мұндай шешімдерде жалпыға қолжетімді ақпарат болатын жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі мен Басқарма, Директорлар Кеңесі жанындағы Комитеттер отырыстарының материалдары;

3) Қор контрагенттермен жасасатын шарттар/келісімдер;

4) бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттары мен тіркелімдерінің мазмұны;

5) салық есептілігі;

6) бизнес-жоспар (бюджет);

7) эмитенттердің реттелген облигациялары мен өзге де бағалы қағаздарын сатып алуға қатысты материалдар мен құжаттар;

8) екінші деңгейдегі банктің сатып алынған акцияларын басқару жоспары (бар болса);

9) Жалғыз акционердің бөлімшелерімен, ЕДБ-мен, өзге де үшінші тұлғалармен хат алмасу (құпиялы ақпаратты қамтымайтын мәліметтерді, сондай-ақ ашық ақпарат көздерінде жарияланатын мәліметтерді қоспағанда);

10) азаматтар (банктердің қарыз алушылары және т.б.) туралы кез келген дербес (жеке) деректерді тіркейтін құжаттар мен деректер базасы;

- 11) қызметкерлердің дербес деректері;
- 12) ақпараттық ресурстарға әкімшілік қол жеткізу үшін есептік деректер (қол жеткізу парольдері және т.б.);
- 13) қызметкерлердің жалақысы туралы мәліметтер;
- 14) ҚР Ұлттық Банкіне есеп беру (қаржылық есептілікті қоспағанда);
- 15) Қордың ішкі құжаттары (құпиялы ақпаратты қамтымайтын ішкі құжаттарды, сондай-ақ Қордың интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын ішкі құжаттарды қоспағанда);
- 16) Қордың Басқарма төрағасының құпиялы мәліметтерді қамтитын бұйрықтары, өкімдері;
- 17) құпия мәліметтерді қамтитын қызметтік хат алмасу (қызметтік жазбахаттар, түсіндірме жазбалар, баяндамалар және т.б.);
- 18) салыстырып тексеру актілері, басшылықты, тауар-материалдық құндылықтарды ауыстыру кезінде қабылдау-тапсыру актілері, атқарылған жұмыс туралы есептер (егер оларда құпиялы ақпарат болған жағдайда), қаржылық есептер, Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде ұсынылатын екінші деңгейдегі банктердің есептері;
- 19) Қор жүргізетін/Қорда жүргізілетін тексерулер бойынша қорытындылардың нәтижелері;
- 20) Қордың «Құпия» деген белгісі бар өзге де құжаттары мен мәліметтері.;

7. 21-тармақтағы «Акционерінің» деген сөз «Жалғыз акционердің» деген сөздермен ауыстырылсын;